

Өнімнің өмірлік циклі сатыларында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарды айқындау және "Техникалық регламенттер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 296 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 қазандағы № 718 қаулысы.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2023 № 1152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес өнімнің өмірлік циклі сатыларында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдар айқындалсын.

2. "Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 296 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 8 қазандағы
№ 718 қаулысына
қосымша

Өнімнің өмірлік циклі сатыларында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдар

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2023 № 1152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік

он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.09.2024 № 776 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

P/c №	Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік орган	Техникалық регламенттің атауы	Өмірлік цикл сатысы
1	2	3	4
		<p>"Темір жол жылжымалы құрамының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 001/2011)</p> <p>"Жоғары жылдамдықты темір жол көлігінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 002/2011)</p> <p>"Темір жол көлігі инфрақұрылымының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 003/2011)</p> <p>"Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 004/2011)</p> <p>"Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 006/2011) (а з а м а т т ы қ пиротехникалық бұйымдар бөлігінде)</p> <p>"Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 010/2011)</p> <p>"Лифтілердің қауіпсіздігі " Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 011/2011)</p> <p>"Жарылыс қауіп бар орталарда жұмыс істеуге</p>	

арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 012/2011)

"Автомобиль мен авиация бензиніне, дизель мен кеме отынына , реактивті қозғалтқышқа арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 013/2011)

"Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 014/2011) (жол-құрылыс материалдары мен бұйымдары бөлігінде)

"Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 016/2011)

"Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 018/2011)

"Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 020/2011)

"Шағын көлемді кемелердің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 026/2012)

"Жарылғыш заттардың және олардың негізіндегі бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының

1.	Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган ведомствосы	техникалық регламенті (КО ТР 028/2012)	Өткізу (оның ішінде тасымалдау және сақтау)
		"Жағармай материалдарына, майларға және арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 030/2012)	
		"Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 031/2012)	
		"Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 032/2013)	
		"Сұйылтылған көмірсутек газдарына отын ретінде пайдалану үшін қойылатын талаптар" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 036/2016)	
		"Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 037/2016)	
		"Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 038/2016)	
		"Минералды тыңайтқыштарға қойылатын талаптар туралы" Еуразиялық	

экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 039/2016)

"Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы"
Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 041/2017)

"Балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы"
Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 042/2017)

"Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 043/2017)

"Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнайдың қауіпсіздігі туралы"
Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 045/2017)

"Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған жанғыш табиғи газдың қауіпсіздігі туралы"
Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 046/2018)

"Энергия тұтынатын құрылғылардың энергетикалық тиімділігіне қойылатын талаптар туралы"
Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 048/2019)

"Сұйық және газ тәріздес көмірсутегілерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолдарына қойылатын талаптар туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 049/2020)

"Азаматтық қорғаныс және табиғи әрі техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мақсатына арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 050/2021)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 шілдедегі № 731 қаулысымен бекітілген "Көмірдің және оны өндірудің, қайта өңдеудің, сақтаудың және тасымалдаудың өндірістік үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген "Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 348-НҚ бұйрығымен бекітілген "Өнімді таңбалауға қойылатын талаптар" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық

	<p>актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22836 болып тіркелген)</p> <p>Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 85/ке бұйрығымен бекітілген " Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпараттарды жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23744 болып тіркелген)</p>	
	<p>Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығымен бекітілген " Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32783 болып тіркелген) (құрылыс материалдары мен бұйымдары бөлігінде)</p>	<p>Өндіру, өткізу (оның ішінде өткізу кезінде тасымалдау және сақтау)</p>
	<p>"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 021/2011)</p> <p>"Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 033/2013)</p> <p>"Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы"</p>	

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган	Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 034/2013)	Өндіру, өткізу (оның ішінде қайта өңделген өнімді өткізу кезінде сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату)
	"Балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 040/2016)	
	"Алкоголь өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 047/2018)	
	"Құс етінің және оның қайта өңделген өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО 051/2021)	
	"Қаптама қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 005/2011)	Өткізу
	"Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 007/2011)	
	"Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 008/2011)	
	"Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 009/2011)	
	"Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 017/2011)	
	"Жеке қорғану құралдарының	

<p>қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 019/2011)</p>	
<p>"Азық-түлік өнімдері оны таңбалау бөлігінде" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 022/2011)</p>	
<p>"Жиһаз өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 025/2012)</p>	
<p>"Жемістер мен көкөністерден жасалған шырын өнімдеріне техникалық регламент" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 023/2011)</p>	<p>Өндіру, өткізу (оның ішінде сақтау және тасымалдау)</p>
<p>"Май-тоңмай өнімдеріне техникалық регламент" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 024/2011)</p>	
<p>"Мамандандырылған тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің, оның ішінде диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақтанудың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 027/2012)</p>	
<p>"Тағам қоспаларының, хош иістендіргіштердің және технологиялық қосалқы заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 029/2012)</p>	<p>Өндіру, өткізу (оның ішінде өткізу кезінде сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату)</p>
<p>"Темекі өніміне арналған техникалық регламент" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 035/2014)</p>	

		<p>"Табиғи минералды суды қоса алғанда, қапталған ауызсудың қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 044/2017)</p>	
		<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1398 қаулысымен бекітілген "Лак-бояу материалдары мен еріткіштер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті</p>	
		<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген "Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті</p>	
		<p>"Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 006/2011)</p> <p>"Шағын көлемді кемелердің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 026/2012)</p> <p>"Жағармай материалдарына, майларға және арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 030/2012)</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1398 қаулысымен бекітілген "Лак-бояу материалдары мен</p>	

3.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган	<p>еріткіштер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген "Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті</p> <p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 249 бұйрығымен бекітілген "Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32940 болып тіркелген)</p>	Кәдеге жарату
4.	Автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті орган	"Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 014/2011) (халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдары бөлігінде)	Жобалау, салу, пайдалану
5.	Көлік саласындағы уәкілетті орган	<p>"Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 018/2011)</p> <p>"Жылжымалы темір жол құрамының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 001/2011)</p> <p>"Жоғары жылдамдықты теміржол көлігінің қауіпсіздігі туралы"</p>	Пайдалану (техникалық қарап-тексеру бөлігінде)

		<p>Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 002/2011)</p> <p>"Темір жол көлігі инфрақұрылымының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 003/2011)</p> <p>"Шағын көлемді кемелердің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 026/2012)</p>	Пайдалану
6.	Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган	<p>"Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 043/2017)</p> <p>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығымен бекітілген "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24045 болып тіркелген)</p> <p>"Азаматтық қорғанысқа және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауға арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 050/2021) (азаматтық қорғанысқа арналған өнім бөлігінде)</p>	Пайдалану
		"Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі	Пайдалану (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген құзырет

<p>туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 006/2011)</p>	<p>шеңберінде қауіпті өндірістік объектілердегі пиротехникалық құралдарды қолдану және сақтау)</p>
<p>"Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 010/2011)</p>	<p>Пайдалану (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген құзырет шеңберінде қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын машиналар мен жабдықтарды, мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіш платформаларды, жолаушылар конвейерлерін (қозғалып тұратын жаяу жүргіншілер жолдарын), эскалаторларды (машиналар мен жабдықтарды, мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіш платформаларды, жолаушылар конвейерлерін (жүріп келе жатқан жаяу жүргіншілер жолдарын), элеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі эскалаторларды қоспағанда)</p>
<p>"Лифтілердің қауіпсіздігі " Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 011/2011)</p>	<p>Пайдалану (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген құзырет шеңберінде (лифтілер мен лифт қауіпсіздігі құрылғыларын (элеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі лифтілер мен лифт қауіпсіздігі құрылғыларын қоспағанда)</p>

7.

<p>Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган</p>	<p>"Жарылыс қауіпі бар орталарда жұмыс істеуге арналған жабдықтың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 012/2011)</p>	<p>Пайдалану (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген құзырет шеңберінде қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын жарылыс қауіпі бар орталарда жұмыс істеуге арналған жабдықты)</p>
	<p>"Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 016/2011)</p>	<p>Пайдалану (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген құзырет шеңберінде қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін аппараттарды)</p>
	<p>"Жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 028/2012)</p>	<p>Пайдалану (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген құзырет шеңберінде қауіпті өндірістік объектілерде жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды қолдану және сақтау)</p>
	<p>"Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 032/2013)</p>	<p>Пайдалану (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген құзырет шеңберінде артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды (әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды қоспағанда)</p>
	<p>"Сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистральдық құбырларға қойылатын талаптар туралы"</p>	<p>Пайдалану (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген құзырет шеңберінде қауіпті өндірістік объектілерде</p>

		Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 049/2020)	сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистральдық құбырларды)
8.	Қоғамдық тәртіпті қорғау саласындағы уәкілетті орган	"Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті () КО ТР 018/2011)	Пайдалану (жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде)
		"Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 010/2011)	Пайдалану (әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде)
		"Лифтілердің қауіпсіздігі " Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 011/2011)	Пайдалану (әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде лифтілерді және лифтілердің қауіпсіздік құрылғыларын)
		"Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 014/2011) (облыстық маңызы бар, қалалық, аудандық және ауылдық округтер жолдары бөлігінде)	Жобалау, салу, пайдалану
		"Астықтың қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 015/2011)	Өткізу (оның ішінде өткізу кезінде сақтау және кәдеге жарату)
		"Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 031/2012)	
9.		"Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 038/2016)	Пайдалану

Жергілікті атқарушы органдар	"Балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 042/2017)	
	"Сұйық және газ тәріздес көмірсутегілерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолдарына қойылатын талаптар туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 049/2020)	Жобалау, салу
	"Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 032/2013)	Пайдалану (әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде артық қысыммен жұмыс істейтін жабдық бөлігінде)
	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығымен бекітілген "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы техникалық регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32783 болып тіркелген)	Жобалау, салу, монтаждау, пайдалану
	"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 021/2011)	
	"Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 033/2013)	

10.	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және ветеринария саласындағы уәкілетті орган	<p>"Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 034/2013)</p> <p>"Балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 040/2016)</p> <p>"Құс етінің және оның қайта өңделген өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті (ЕАЭО 051/2021)</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 263 қаулысымен бекітілген "Азық және азық қоспаларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті</p>	<p>Өндіру (оның ішінде өңделмеген өнімді сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату)</p>
		<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 249 бұйрығымен бекітілген "Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32940 болып тіркелген)</p>	<p>Өткізу, пайдалану (қолдану), сақтау</p>
		<p>Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 58 бұйрығымен бекітілген "Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" техникалық регламенті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген)</p>	

11.

Энергетика саласындағы
уәкілетті орган

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 20
ақпандағы № 59
бұйрығымен бекітілген "
Ядролық зерттеу
кондырғыларының
ядролық және
радиациялық қауіпсіздігі"
техникалық регламенті (
Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік
тіркеу тізілімінде №
15006 болып тіркелген)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 20
ақпандағы № 60
бұйрығымен бекітілген "
Атом станцияларының
ядролық және
радиациялық қауіпсіздігі"
техникалық регламенті (
Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік

Өткізу (оның ішінде

	тіркеу тізілімінде № 15007 болып тіркелген)	сақтау және тасымалдау өткізу кезінде)
--	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК